

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша
филиалы



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АБАЙ ОБЛЫСТАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

2024 ЖЫЛ
2 тоқсан

Өскемен, 2024 ж.

	МАЗМҰНЫ	Бет
	Кіріспе	3
1	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	5
2.1	Өскемен қаласының эризондық бақылау мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі	7
2.2	Риддер қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	8
2.3	Глубокое к. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	10
2.4	Алтай қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	12
2.5	Шемонаиха қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	13
3	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау	14
4	Радиациялық жағдайдың жай-күйіне мониторинг жүргізу	15
5	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	15
6	Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының жай-күйі	17
7	Алакөл көлі бассейнінің түптік шөгінділерінің мониторинг нәтижелері	19
8	Алакөл көлі бассейнінің топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың ластану жай күйі	19
9	Семей қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	19
9.1	Аягөз қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	21
9.2	Әуезов к. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	22
10	Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі	23
	Қосымша 1	25
	Қосымша 2	29
	Қосымша 3	35
	Қосымша 4	36
	Қосымша 5	37
	Қосымша 6	38
	Қосымша 7	41
	Қосымша 8	42
	Қосымша 9	43
	Қосымша 10	43
	Қосымша 11	44

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень ШҚО (Өскемен қ., Риддер қ., Алтай қ. және Глубокое кенті) және Абай облыстарының (Семей қ.) аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

«ШҚО бойынша экология департаменті» РММ деректеріне сәйкес облыс бойынша қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 788 кәсіпорын жұмыс істейді. Тұрақты көздерден ластаушы заттардың нақты жиынтық шығарындылары 130,6 мың тоннаны құрайды, оның ішінде 1 – санаттағы объектілер бойынша – 77,1мың тонна, қалған санаттар бойынша – 53,5 мың тонна.

2. Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

2 Өскемен қаласындағы атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Өскемен қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 10 бекетте, оның ішінде 5 сынама алу қолмен іріктеу/автоматтандырылған бекетінде және 5 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 22 көрсеткіш анықталады: *PM_{tot} қалқыма бөлшектері, PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол, күкірт сутегі, хлорлы сутегі, фторлы сутегі, бенз(а)пирен, формальдегид, хлор, күкірт қышқылы, қорғасын, мырыш, кадмий, мыс, бериллий, озон, гамма-сәулеленудің эквивалентті дозасының қуаты (гамма-фон).*

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 1

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Отбор проб	Адрес поста	Определяемые примеси
1	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет	Рабочая к., 6	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
5	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет	Қ. Қайсенов к., 30	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
7	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет	М. Тынышпаев к.,126	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
8	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет	Егоров к., 6	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
12	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет	Қ. Сәтпаев д., 12	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутек, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
2	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Лев Толстой к., 18	қалқыма бөлшектер PM-2,5, қалқыма бөлшектер PM-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі, озон

3		Серікбаев к., 19	PMtot қалқыма бөлшектері, PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, озон
4		Широкая к., 44	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
6		Н. Назарбаев д., 83/2	
11		Өтепов к., 37	

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Өскемен қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Өскемен қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол **СИ=5,0** (жоғары деңгей) және **ЕЖҚ=12%** (көтеріңкі деңгей) мәндерімен күкіртсутегі бойынша № 4 бекет (Широкая к., 44) ауданында анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырларды: күкірт диоксиді – 4,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 5,0 ШЖШ_{м.б.}, хлорлы сутегі – 2,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар бойынша ШЖШ-дан асып кету байқалмады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша арту: күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{о.т.}, азот оксиді– 1,5 ШЖШ_{о.т.}, азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, озон – 2,4 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, фторлы сутегі– 1,1 ШЖШ_{о.т.} бойынша бақыланды, басқа ластаушы заттар бойынша ШЖШ-дан арту байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай - ақ сапа стандарттарынан асып кету жиілігі мен асып кету жағдайларының саны 2 - кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ		> ШЖШ	>5	>10
		о.т. асу еселігі		м.б асу еселігі			ШЖШ	ШЖШ
Сонымен қатар								
Өскемен қ.								
PMtot қалқыма бөлшектері	0,0015	0,01	0,0035	0,01				
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0012	0,03	0,0115	0,07				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0014	0,02	0,0119	0,04				
Күкірт диоксиді	0,0514	1,03	2,3592	4,72	3	402		
Көміртегі оксиді	0,3635	0,12	6,8824	1,38	0	14		
Азот диоксиді	0,0599	1,50	0,1874	0,94				
Азот оксиді	0,1002	1,67	0,3600	0,90				
Озон	0,0729	2,43	0,1599	1,00				
Күкіртсутегі	0,0018		0,0399	4,99	12	1400		

Фенол	0,0036	1,20	0,0090	0,90			
Фторлы сутек	0,0055	1,11	0,0190	0,95			
Хлор	0,0201	0,67	0,0900	0,90			
Хлорлы сутек	0,0725	0,73	0,4400	2,20	3	18	
Күкірт қышқылы	0,0063	0,06	0,0900	0,30			
Формальдегид	0,0010	0,10	0,0100	0,20			
Бенз(а)пирен	0,0006	0,63					
Қорғасын	0,000188	0,6					
Кадмий	0,000032	0,1					
Мырыш	0,000408	0,01					
Мыс	0,000020	0,01					
Бериллий	0,000000092	0,01					

Қорытынды: Соңғы бес жыл ішінде 2 тоқсанда ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, ең жоғары көрсеткіш 2020 және 2021 жылы бақыланды. Соңғы үш жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгермеді.

Күкіртсутегі (1400 жағдай) және күкірт диоксиді (402 жағдай) ең жоғары-бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны белгіленді.

2024 жылдың екінші тоқсанындағы метеорологиялық жағдайлар

Өскемен қаласында желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/с құрады. 16-20 м/с екпінді жел көбінесе сәуірдің екінші онкүндігінің басында, мамырдың үшінші онкүндігінде, маусымның бірінші және екінші онкүндігінің аяғында байқалды.

ҚМЖ болжалды: 04 сәуір сағат 20.00-ден 08 сәуір сағат 08.00-ге дейін, 17 мамыр сағат 20.00-ден 18 мамыр сағат 20.00-ге дейін, 20 маусым сағат 18.00-ден 22 маусым сағат 20.00-ге дейін, 23 маусым сағат 20.00-ден 24 маусым сағат 20.00-ге дейін, 27 маусым сағат 18.00-ден 29 маусым сағат 20.00-ге дейін.

2.1 Өскемен қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өскемен қаласында ауаның ластануын бақылау толық емес бағдарлама бойынша тәулігіне 3 рет 4 жерде (жергілікті уақыт бойынша сағат 07, 13, 19 жүргізілді).

№1 нүкте - Н. Назарбаев – Абай даңғылдарының қиылысы; №2 нүкте - Мызы – Протозанов көшелерінің қиылысы; №3 нүкте - Қазақстан – Қабанбай батыр көшелерінің қиылысы; №4 нүкте-Н. Назарбаев даңғылы мен Гагарин бульвары көшесінің қиылысы.

Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, фенол бойынша ең жоғары-бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны белгіленді.

Кесте 3

Бақылау деректері бойынша Өскемен қаласы бойынша ластаушы заттардың ең жоғары концентрациясы

Анықталатын қоспалар	Іріктеу нүктелері							
	№ 1		№ 2		№ 3		№ 4	
	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	1,0	0,5	1,0	0,8	1,6	0,7	1,4
Азот диоксиді	0,08	0,4	0,09	0,5	0,13	0,7	0,09	0,5
Күкірт диоксиді	0,102	0,2	0,081	0,2	0,102	0,2	0,213	0,4
Көміртегі оксиді	6	1,2	4	0,9	5	1,0	6	1,2
Фенол	0,005	1,0	0,006	0,01	0,003	0,01	0,006	0,01
Формальдегид	0,006	0,12	0,006	0,1	0,007	0,1	0,007	0,1

2.2 Риддер қаласындағы атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Риддер қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 3 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынама алу қолмен/автоматты түрде іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1 – қосымша).

Жалпы қала бойынша 14 көрсеткіш анықталады: қалқыма бөлшектер (шаң); күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; күкіртсутегі; фенол; формальдегид; аммиак; кадмий; мыс; қорғасын; бериллий; мырыш.

4 – кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 4

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 3 рет	Островский к., 13Б	қалқыма бөлшектер (шаң), фенол, формальдегид, кадмий, мыс, қорғасын, бериллий, мырыш.
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде		күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі,
6	сынама алу тәулігіне 3 рет	В. Клинка к., 7	қалқыма бөлшектер (шаң), фенол, формальдегид, кадмий, мыс, қорғасын, бериллий, мырыш.
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде		күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі
3	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Семипалатинская к., 9	аммиак, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Риддер қаласындағы атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Риддер қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, **СИ=2,1** (көтеріңкі деңгей) күкіртсутегі бойынша №3 бекет (Семипалатинская к., 9) ауданында және **ЕЖҚ=10%** (көтеріңкі деңгей) мәндерімен азот диоксиді бойынша №6 бекет (В. Клинка к., 7) ауданында анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырды: азот диоксиді– 2,0 ПДК_{м.р}, күкірт диоксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 2,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа көрсеткіштер бойынша ШЖШ_{м.б.}, -дан арту байқалмады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттар бойынша ШЖШ-дан арту байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	мг/м ³	ШЖШ _{о.} т асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		%	> ШЖШ	>5	>10
								ШЖШ	ШЖШ
сонвмен қатар									
Риддер қ.									
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,1982	1,32	0,1000	0,20					
Фенол	0,0014	0,48	0,0040	0,40					
Формальдегид	0,0023	0,23	0,0060	0,12					
Азот диоксиді	0,0250	0,63	0,3999	2,00	10	1064			
Күкірт диоксиді	0,0259	0,52	0,9351	1,87	3	196			
Көміртегі оксиді	0,2635	0,09	6,6946	1,339	0	2			
Күкіртсутегі	0,0022		0,0167	2,09	5	384			
Азот оксиді	0,0038	0,06	0,0660	0,17					
Аммиак	0,0087	0,22	0,1906	0,95					
Қорғасын	0,000100	0,3							
Кадмий	0,000022	0,1							
Мырыш	0,000181	0,004							
Мыс	0,000017	0,01							
Бериллий	0,000000056	0,01							

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 2 тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылда 2 тоқсанда ластану деңгейі өзгермеді. Риддер қаласында ауаның ластануы жоғары болып табылады.

Нормативтердің ең жоғары-бір реттік ШЖШ асып кетуі азот диоксиді (1064 жағдай) және күкіртсутегі (384 жағдай) бойынша байқалды.

2024 жылдың екінші тоқсандағы метеорологиялық жағдайлар

Риддерқаласында желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/с болды. 16-21 м/с екпінді жел сәуірдің бірінші және үшінші онкүндігінің аяғында, мамырдың бірінші және үшінші онкүндігінің ортасында, маусымның үшінші онкүндігінің аяғында байқалды.

ҚМЖ болжалды: 04 сәуір сағат 20.00-ден 08 сәуір сағат 08.00-ге дейін, 17 мамыр сағат 20.00-ден 18 мамыр сағат 20.00-ге дейін, 20 маусым сағат 18.00-ден 22 маусым сағат 20.00-ге дейін, 23 маусым сағат 20.00-ден 24 маусым сағат 20.00-ге дейін, 27 маусым сағат 18.00-ден 29 маусым сағат 20.00-ге дейін.

2.3 Глубокое кентінде атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Глубокое кентінің аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 бақылау бекетінде, оның ішінде 1 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша 6 көрсеткіш анықталады: қалқыма бөлшектер (шаң); күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; фенол, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы.

6-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 6

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 3 рет	Ленин к., 15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді, фенол, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы

2	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Попович к., 11А	көміртегі оксиді
---	--	-----------------	------------------

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Глубокое кентінің бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,6 (төмен деңгей) көміртегі оксиді бойынша №2 (Попович к., 11А) бекет ауданында және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырдан арту тіркелмеді.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша арту: күкірт диоксиді бойынша – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 7-кестеде көрсетілген.


Кесте 7

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		%	>	>5
					ШЖШ		ШЖШ	ШЖШ
Глубокое кенті								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0604	0,40	0,2000	0,40				
Күкірт диоксиді	0,0641	1,28	0,0890	0,18				
Көміртегі оксиді	0,2510	0,08	3,2350	0,65				
Азот диоксиді	0,0421	1,05	0,0900	0,45				
Фенол	0,0012	0,41	0,0050	0,50				

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 2 тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы үш жылда 2 тоқсандағы ластану деңгейі төмендеу тенденциясына ие болды.

Глубокое кенті бойынша 2024 жылғы 2 тоқсандағы метеорологиялық жағдайлар

Глубокое кентінде-0-3 м/с әлсіз желмен ауа-райы басым болды.

2.4 Алтай қаласындағы атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Алтай қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 2 көрсеткіш анықталады: күкірт диоксиді; көміртегі оксиді.

8-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 8

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	20 минут аралықта үздіксіз режимде	Астана к., 78	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Алтай қаласы бойынша атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Алтай қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,3 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырдан арту көміртегі оксиді бойынша – 1,3 ШЖШ_{м.б.} байқалды, басқа көрсеткіштер бойынша ШЖШ_{м.б.} арту байқалмады.

Орташа тәуліктік шоғырдан арту тіркелмеді.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 9-кестеде көрсетілген.

Кесте 9

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
г.Алтай								
Күкірт диоксиді	0,0187	0,37	0,3881	0,78				
Көміртегі оксиді	0,7290	0,2	6,4390	1,29	0	3		

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 2 тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылда 2 тоқсандағы ластану деңгейі айтарлықтай өзгермеді және төмен болып саналады.

2024 жылдың екінші тоқсанындағы метеорологиялық жағдайлар

Алтай қаласында желдің орташа жылдамдығы 3-8 м/с құрады. 15-18 м/с екпінді жел сәуірдің үшінші онкүндігінің аяғында, мамырдың бірінші онкүндігінің басында байқалды. Жауын-шашынсыз және 0-5 м/с әлсіз желмен ауа райы 02, 04-08, 13-14 сәуірде байқалды.

2.5 Шемонаиха қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Шемонаиха қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 4 көрсеткіш анықталады: күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; күкіртсутегі.

10-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 10

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	20 минут аралықта үздіксіз режимде	А. Иванов к., 59	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және күкіртсутегі

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Шемонаиха қаласы бойынша атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Шемонаиха қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=2,5 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен күкіртсутегі бойынша анықталды.

Күкіртсутегі бойынша – 2,5 ШЖШ_{м.б.} ең жоғары бір реттік шоғырдан арту байқалды, қалған ластаушы заттардың ШЖШ_{м.б.}-дан артуы байқалмады.

Орташа тәуліктік норматив бойынша азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{о.т.} артуы байқалды.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 11-кестеде көрсетілген.

Кесте 11

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
сонымен қатар								
Шемонаиха қ.								
Күкірт диоксиді	0,0142	0,28	0,9823	1,96	0	12		
Көміртегі оксиді	0,3041	0,10	4,5204	0,90				
Азот диоксиді	0,0397	0,99	0,1242	0,62				
Күкіртсутегі	0,0012		0,0197	2,46	1	37		

Нормативтердің ең жоғары бір реттік ШЖШ артуы күкіртсутегі (37 жағдай) бойынша байқалды.

2024 жылдың екінші тоқсанындағы метеорологиялық жағдайлар

Шемонаиха қаласында желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/с болды. 15-19 м/с екпінді жел сәуірдің үшінші онкүндігінің аяғында, мамырдың бірінші және үшінші онкүндігінің басында, маусымның бірінші онкүндігінің басында байқалды.

3. Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау

Жауын-шашындағы барлық анықталатын ластаушы заттардың концентрациясы рұқсат етілген шекті концентрациядан аспайды.

Жауын – шашын үлгілерінде гидрокарбонаттар – 42,80%, сульфаттар – 21,73%, нитрат иондары – 2,55%, кальций иондары – 15,17%, хлоридтер – 6,05%, мыс иондары – 10,62%, магний иондары – 3,00%, натрий иондары-4,79%, аммоний иондары-1,38%, калий иондары – 2,51%, қорғасын иондары – 2,92%, күшәла иондары – 1,43%, кадмий иондары – 0,42%.

Ең үлкен жалпы минералдану Риддер МС – да байқалды – 80,35 мг/л, ең азы – 21,26 мг/л-Үлкен Нарын МС.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электр өткізгіштігі 35,03 мкСм/см (Үлкен Нарын ауылы М) 107,53 мкСм/см (Риддер МС) аралығында болды.

Жауын-шашынның қышқылдығы әлсіз қышқыл және бейтарап орта сипатына ие және 5,64-тен (Өскемен МС) 7,01-ге дейін (Риддер МС) шегінде болады.

4. Радиациялық жағдайдың жай-күйіне мониторинг жүргізу

Жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 17 метеорологиялық станцияда (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатас, бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катонқарағай, Көкпекті, Куршым, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жер үсті қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,05-0,31 мкЗв/сағ шегінде болды.

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,14 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Облыс аумағында атмосфераның жер беті қабатындағы радиоактивті түсулердің тығыздығы 1,2-2,7 Бк/м² шегінде ауытқып отырды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,9 Бк / м² құрады.

5. Жер үсті сулары сапасының жай-күйі

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 19 су объектісінің (16 өзен – Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел, Аягөз, Үржар, Секисовка, Маховка, Кіші Қарақожа, Арасан; 2 көл - Зайсан, Алакөл; 2 су қойма – Бұқтырма, Өскемен) 53 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **48** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ5, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары аумағында **гидробиологиялық көрсеткіштер** бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі 15 су объектісінде (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Оба, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Емел, Секисовка, Маховка, Кіші Қарақожа, Арасан, 2 су қойма – Бұқтырма, Өскемен) 47 тұстамада жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға арналған 107 сынама, макрозообентостың 94 сынамасы, перифитонның 94 сынамасы және 3 зоопланктон мен 3 фитопланктонның сынамалары талданды.

Төменгі шөгінділер мен жағалаудағы топырақ сапасының мониторингі Үржар өзені мен Алакөл көлінің 2 бақылау тұстамасында жүргізілді.

Түптік шөгінділер мен жағалаулық топырақ сынамаларында ауыр металдар иондарының (күшән, қорғасын, кадмий, марганец) формасы қышқылда еритін (жалпы), сондай-ақ жылжымалы формалардың (мыс, мырыш, хром) құрамы талданады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары аумағындағы жер үсті суларының мониторингі нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады. Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Параметрлері	Өлшем бірлік	Концентрация
	2 тоқсан 2023 ж.	2 тоқсан 2024 ж.			
Қара Ертіс өз.	5 – класс	не нормируется (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	83,6
Ертіс өз.	5 – класс	5 – класс	Қалқыма заттар	мг/дм ³	15,2
Бұқтырма өз.	5 – класс	5 – класс	Қалқыма заттар	мг/дм ³	25,1
Брекса өз.	2 – класс	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,48
Тихая өз.	2 – класс	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,39
Үлбі өз.	4 – класс	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,41
Глубочанка өз.	2 – класс	4 – класс	Қалқыма заттар	мг/дм ³	44,1
Красноярка өз.	4 – класс	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	60,3
Оба өз.	5 – класс	5 – класс	Қалқыма заттар	мг/дм ³	22,3
Еміл өз.	3 – класс	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	95,4
Аягөз өз.	нормаланбайды (>5класс)	нормаланбайды (>5класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	36,2
Үржар өз.	2 – класс	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	102,7
Секисовка өз.	3 – класс	3 – класс	Аммоний – ионы	мг/дм ³	0,77
Маховка өз.	5 – класс	5 – класс	Фосфаттар	мг/дм ³	1,48
Арасан өз.	1 – класс	1 – класс			
Кіші Қарақожа өз.	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	1,21
			Кадмий	мг/дм ³	0,0778
			Марганец	мг/дм ³	1,49
			Мыс	мг/дм ³	5,86
Өскемен су қоймасы	1 – класс	1 – класс			
Бұқтырма су қоймасы	1 – класс	1 – класс			

Кестеде көрсетілгендей, 2023 жылғы 2 – тоқсанмен салыстырғанда Ертіс, Бұқтырма, Оба, Аягөз, Секисовка, Маховка, Арасан, Кіші Қарақожа өзендерінің және Өскемен, Бұқтырма су қоймаларының су сапасы - айтарлықтай өзгермеді.

Тихая, Брекса, Үржар өзендерінде >5 кластан 2 класқа, Глубочанка өз. 4 кластан 2 класқа, Красноярка, Үлбі >5 кластан 4 класқа, Қара Ертіс 5 кластан >5 класқа, Еміл 3 кластан >5 класқа, су сапасы – нашарлады;

Шығыс Қазақстан облысындағы су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар аммоний-ионы, фосфаттар, марганец, жалпы темір, магний, қалқыма заттар, кадмий, мыс, цинк болып табылады.

Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі негізінен технологиялық өндірістік шығарындылармен, сондай-ақ осы аймаққа тән топырақ құрамының әсерімен байланысты.

2024 ж. 2 – тоқсанында Шығыс Қазақстан облысы аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Үлбі өз. – 5 ЖЛ, Красноярка өз. – 2 ЖЛ, Ертіс өз. – 2 ЖЛ, Оба өз. – 1 ЖЛ, Брекса өз. – 3 ЖЛ, Тихая өз. – 4 ЖЛ. Марганец, кадмий, жалпы темір бойынша ЖЛ жағдайы тіркелді.

Шығыс Қазақстан облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 2 – қосымшада көрсетілген.

Абай облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 3 – қосымшада көрсетілген.

6. Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының жай-күйі

2024 жылғы сәуір айынан маусым айына дейін Жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суларын биотестілеу (судың уыттылығын анықтау) нәтижесінде өткір уыттылық төмендегі тұстамаларда тіркелді:

- Глубочанка өз. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» (70,0%);

- Красноярка өз. «Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» (80,0%);

- Кіші Қарақожа өз. «Глубокое а., Үлкен Қарақожа өзенімен бірігуден 1 км жоғары» (01) сол жағалау» (100%).

Зерттелген өзендердегі қалған тұстамалар тест-объектілеріне өткір уытты әсер етпеді.

Маусым айында Бұқтырма және Өскемен су қоймаларында бақылауға қатысты өлген дафнияның пайызы (тест-параметр) 3,3-13,3% шегінде құрады.

Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша сәуір – маусым айларында «таза» санатына мыналар жатады:

- Арасан өз.,

- Бұқтырма өз. «Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау»;

- Брекса өз. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау»;

- Үлбі өз. «Риддер қ. Тишинский кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау»;

сапробтық индекс 1,25 – 1,46 аралығында болды, бұл сапаның II класына сәйкес келеді.

Анықталған индикаторлық түрлердің жеткіліксіз болуына байланысты

- Кіші Қарақожа өз. «Глубокое а., Үлкен Қарақожа өзенімен бірігуден 1 км жоғары» (01) сол жағалау» тұстамаларында сапробтық индексті есептеу мүмкін емес.

Қалған қақпақтар «орташа ластанған» санатына жатады, сапобтық индекс 1,52 - 2,13 аралығында болды, бұл сапаның III класына сәйкес келеді.

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша сәуір – маусым айларында «таза» санатына мыналар жатады:

- Қара Ертіс өз., БИ = 7;
- Ертіс өз. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау», БИ = 7;
- Бұқтырма өз., екі тұстамада да БИ = 8;
- Секисовка өз., екі тұстамада да БИ = 7;
- Брекса өз. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау», БИ = 8;
- Үлбі өз. Риддер қ. (Тишинск кеніші) екі тұстамада да БИ = 7;
- Үлбі өз. «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау», БИ = 8;
- Арасан өз. «Катон-Қарағай ауданы, Рахман қайнары а. Арасанка өзені ЖШС «Рахман қайнары» 500 м жоғары», БИ = 9;
- Арасан өз. «Катон-Қарағай ауданы, Рахман қайнары а. Арасанка өзені ЖШС «Рахман қайнары» 500 м төмен», БИ = 7;
- Кіші Қарақожа өз., «Глубокое а., Кішіқарақожа өз. Снегириха кенішісі әсерінен 500 м төмен», БИ = 8;

Сапаның IV класына сәйкес келетін БИ = 4 "ластанған сулар" санатына келесі тұстамалар жатқызылды:

- Ертіс өз. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09) оң жағалау»;
- Ертіс өз. «Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау»;
- Ертіс өз. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау»;
- Маховка өз. «Өскемен қ. Қала шегінде; «Таза Өскемен» ШЖҚ КМК ағын сулар төгінділерінен 3 км төмен»;
- Глубочанка өз. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау»;
- Глубочанка өз. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау»;
- Кіші Қарақожа өз. «Глубокое а., Үлкен Қарақожа өзенімен бірігуден 1 км жоғары» (01) сол жағалау»;

«Лас сулар» санатына:

- Красноярка өз. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» жатады.

Қалған өзен тұстамалары "орташа ластанған", БИ=5-6 санатына жатады, бұл сапаның III класына сәйкес келеді.

Тұстамалар шегінде су объектілерінің сапасы бойынша ақпарат 6,7,8 қосымшада көрсетілген.

7. Алакөл көлі бассейнінің түптік шөгінділерінің мониторинг нәтижелері

Зерттеу нәтижелері бойынша Алакөл көлі мен Үржар өзенінің түптік шөгінділерінде ауыр металдардың құрамы: кадмий 0,04-ден 0,07 мг/кг-ға дейін, қорғасын 10,33-тен 14,33 мг/кг-ға дейін, мыс 0,65-нан 0,81 мг/кг-ға дейін, хром 0,11-тен 0,12 мг/кг дейін, мырыш 2,96-ден 3,84 мг/кг дейін, күшән 2,06-тен 2,69 мг/кг, марганец 395,14 -ден 415,47 мг/кг дейін.

Алакөл көлі бассейнінің және Үржар өзенінің түптік шөгінділерінің ауыр металдармен ластануының сипаттамасы 9 – қосымшада келтірілген.

8. Алакөл көлі бассейнінің топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың ластану жай күйі

Үржар ауылындағы Үржар өзенінің топырағында қорғасын, мышьяк, хром бойынша ШЖК асып кеткені анықталған жоқ.

Алакөл көлінде Қабанбай ауылында қорғасын, мышьяк, хром бойынша ШЖК асып кеткені анықталған жоқ.

Алакөл көлі бассейндегі топырақтың ауыр металдармен ластануының сипаттамасы 10 – қосымшада келтірілген.

9. Абай облысының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

9. Семей қаласындағы атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Семей қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 6 көрсеткіш анықталады: күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; күкіртсутегі; озон.

13-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 13

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде 20 минут	Найманбаев к., 189	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және оксиді, күкіртсутегі
2		Рыскулов к., 27	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
3		Декоративная к., 26	көміртегі оксиді, озон
4		343 квартал к., 13/2	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Семей қаласы бойынша атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Семей қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=2,6 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша №3 (Декоративная к., 26) бекет ауданында және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен азот диоксиді бойынша №2 (Рысқұлов к., 27) бекет ауданында анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырларды: күкірт диоксиді – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 2,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттар ШЖШ_{м.б.} арту байқалмады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша азот диоксидінің – 1,9 ШЖШ_{о.т.} бақыланды, басқа ластаушы заттар бойынша ШЖШ-дан арту байқалмады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 14-кестеде көрсетілген.

Кесте 14

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		%	>ШЖШ	>5 ШЖШ
Семей қ.								
Озон	0,0290	0,48	0,0650	0,22				
Күкірт диоксиді	0,0171	0,34	1,2970	2,59	0	43		
Көміртегі оксиді	0,5183	0,17	9,4570	1,89	1	85		
Азот диоксиді	0,0739	1,85	0,3470	1,74	1	76		
Азот оксиді	0,0115	0,19	0,3990	1,00				
Күкіртсутегі	0,0016		0,02	2,25	1	86		

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 2 тоқсанда ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2 тоқсандағы ластану деңгейі 2022 жылы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. 2024 жылы 2 тоқсанда ауаның ластану деңгейінің төмендеуі байқалды.

Ең жоғары-бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны көміртегі оксиді (85 жағдай) және күкіртсутегі (86 жағдай) бойынша белгіленді.

2024 жылғы 2 тоқсандағы Семей қаласы бойынша метеорологиялық жағдайлар

Семей қаласында желдің орташа жылдамдығы 4-8 м/с болды. 16-20 м/с екпінді жел сәуірдің үшінші онкүндігінің соңында, мамырдың бірінші онкүндігінің басы мен екінші онкүндігінің ортасында, маусымның екінші онкүндігінің аяғында байқалды.

ҚМЖ болжалды: 2024 жылы 04 сәуірде сағат 20.00-ден 07 сәуір сағат 08.00-ге дейін.

9.1 Аягөз қаласындағы атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Аягөз қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша). Жалпы қала бойынша 4 көрсеткіш анықталады: *күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; күкіртсутегі.*

15-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 15

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	20 минут аралықта үздіксіз режимде	Бульвар Абая к., 14	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және күкіртсутегі

2024 жылдың 2 тоқсанға арналған Аягөз қаласы бойынша атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері

Аягөз қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* деп бағаланды, ол ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) күкіртсутегі бойынша және СИ=1,5 (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

